Әділет

# Жұмыс берушілерге шетелдік жұмыс күшін тартуға рұқсат беру және (немесе) ұзарту, сондай-ақ корпоративішілік ауыстыруды жүзеге асыру қағидалары мен шарттарын бекіту туралы

*Күшін жойған*

Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрінің м.а. 2016 жылғы 27 маусымдағы № 559 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2016 жылы 29 тамызда № 14170 болып тіркелді. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары - Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 2023 жылғы 30 маусымдағы № 279 бұйрығымен.

Ескерту. Күші жойылды - ҚР Премьер-Министрінің орынбасары - Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 30.06.2023 № 279 (01.07.2023 бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

РҚАО-ның ескертпесі!

2017 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі.

"Халықты жұмыспен қамту туралы" 2016 жылғы 6 сәуірдегі Қазақстан Республикасы Заңының 7-бабы 20) тармақшасына, "Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы" 2013 жылғы 15 сәуірдегі Қазақстан Республикасы Заңының 10-бабының 1) тармақшасына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:**

Ескерту. Кіріспе жаңа редакцияда – ҚР Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 17.04.2020 № 138 (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

1. Қоса беріліп отырған Жұмыс берушілерге шетелдік жұмыс күшін тартуға рұқсат беру және (немесе) ұзарту, сондай-ақ корпоративішілік ауыстыруды жүзеге асыру қағидалары мен шарттары (бұдан әрі – Қағидалар) бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрлігінің Еңбек, әлеуметтік қорғау және көші-қон комитеті заңнамада белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуді;

2) осы бұйрық мемлекеттік тіркелгеннен кейін күнтізбелік он күн ішінде оның көшірмесін мерзімді баспа басылымдарында және "Әділет" ақпараттық-құқықтық жүйесінде ресми жариялауға жіберуді;

3) тіркелген осы бұйрықты алған күннен бастап бес жұмыс күні ішінде оның көшірмесін баспа және электрондық түрде мемлекеттік және орыс тілдеріндегі

бір данада Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің Эталондық бақылау банкіне қосу үшін "Республикалық құқықтық ақпарат орталығы" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнына жіберуді;

4) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрлігінің интернет-ресурсында орналастыруды;

5) осы бұйрық Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелгеннен кейін он жұмыс күні ішінде Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрлігінің Заң қызметі департаментіне осы тармақтың 1) 2) 3) және 4) тармақшаларында көзделген іс-шаралардың орындалуы туралы мәліметтер ұсынуды қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму вице-министрі Б.Б. Нұрымбетовке жүктелсін.

4. Осы бұйрық 2017 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі, бұл ретте Қағидалардың 40-тармағы 2021 жылғы 1 қаңтарға дейін қолданылады.

Ескерту. 4-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрінің 15.12.2016 № 1069 (01.01.2017 бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

*Қазақстан Республикасының*
*Денсаулық сақтау және*
*әлеуметтік даму министрінің*
*міндетін атқарушы* *Е. Біртанов*

КЕЛІСІЛДІ
Қазақстан Республикасының
Ұлттық экономика министрінің
міндетін атқарушы
____________________ М. Құсайынов
2016 жылғы 1 тамыз

КЕЛІСІЛДІ
Қазақстан Республикасының
Ұлттық экономика министрі
____________________ Қ. Бишімбаев
2016 жылғы "___" _________________

КЕЛІСІЛДІ
Қазақстан Республикасының
Ішкі істер министрі
____________________ Қ. Қасымов
2016 жылғы 14 шілде

Қазақстан Республикасы

Денсаулық сақтау және
әлеуметтік даму министрі
міндетін атқарушының
2016 жылғы 27 маусымдағы
№ 559 бұйрығымен
бекітілген

**Жұмыс берушілерге шетелдік жұмыс күшін тартуға рұқсат беру және (немесе) ұзарту , сондай-ақ корпоративішілік ауыстыруды жүзеге асыру қағидалары мен шарттары**

Ескерту. Қағидалары мен шарттары жаңа редакцияда – ҚР Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 17.04.2020 № 138 (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

**1-тарау. Жалпы ережелер**

1. Осы Жұмыс берушілерге шетелдік жұмыс күшін тартуға рұқсат беру және ( немесе) ұзарту, сондай-ақ корпоративішілік ауыстыруды жүзеге асыру қағидалары мен шарттары (бұдан әрі – Қағидалар) "Халықты жұмыспен қамту туралы" 2016 жылғы 6 сәуірдегі Қазақстан Республикасы Заңының (бұдан әрі – Заң) 7-бабының 20) тармақшасына, "Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы " 2013 жылғы 15 сәуірдегі Қазақстан Республикасы Заңының 10-бабының 1) тармақшасына сәйкес әзірленді және жұмыс берушілерге шетелдік жұмыс күшін тартуға рұқсат беру және (немесе) ұзарту, сондай-ақ корпоративішілік ауыстыруды жүзеге асыру тәртібі мен шарттарын айқындайды.

2. Осы Қағидаларда мынадай негізгі ұғымдар пайдаланылады:

1) бос орын – жұмыс берушідегі бос жұмыс орны (лауазым);

2) жергілікті бюджеттен қаржыландырылатын атқарушы орган – халықты жұмыспен қамтуға жәрдемдесуді қамтамасыз ету бойынша функцияларды орындауға облыстардың, Нұр-Сұлтан, Алматы және Шымкент қалаларының әкімдіктері уәкілеттік берген мемлекеттік мекеме (бұдан әрі – жергілікті атқарушы орган);

3) жұмыс беруші – жұмыскер еңбек қатынастарында болатын жеке немесе заңды тұлға;

4) корпоративішілік ауыстыру – Дүниежүзілік сауда ұйымына мүше елдің аумағында құрылған, Қазақстан Республикасының шегінен тыс жерде орналасқан және әрекет ететін заңды тұлғада басшы, менеджер немесе маман лауазымында еңбек қызметін жүзеге асыратын шетелдікті немесе азаматтығы жоқ адамды осы заңды тұлғаның Қазақстан Республикасының аумағында

Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес құрылған филиалдарына, еншілес ұйымдарына, өкілдіктеріне еңбек шартында айқындалған, бірақ үш жылдан аспайтын мерзімге, бір жылға ұзарту құқығымен уақытша ауыстыру;

5) маусымдық шетелдік жұмыскерлер – "Халықты жұмыспен қамту туралы" 2016 жылғы 6 сәуірдегі Қазақстан Республикасы Заңының 7-бабының 21-1) тармақшасына сәйкес бекітілетін кәсіптер тізбесіне сәйкес климат немесе өзге де табиғат жағдайларына байланысты белгілі бір кезең (маусым) ішінде атқарылатын маусымдық жұмыстарды орындау үшін жұмыс берушілер бір жылдан аспайтын мерзімге жұмысқа тартатын көшіп келушілер;

6) халықты жұмыспен қамту мәселелері жөніндегі уәкілетті орган – Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес халықты жұмыспен қамту саласындағы басшылықты және салааралық үйлестіруді жүзеге асыратын орталық атқарушы орган;

7) халықты жұмыспен қамту орталығы – жұмыспен қамтуға жәрдемдесудің белсенді шараларын іске асыру, жұмыссыздықтан әлеуметтік қорғауды және жұмыспен қамтуға жәрдемдесудің өзге де шараларын ұйымдастыру мақсатында ауданның, облыстық және республикалық маңызы бар қалалардың, астананың жергілікті атқарушы органы құратын заңды тұлға;

8) шетелдік жұмыскер – Қазақстан Республикасының аумағында еңбек қызметін жүзеге асыру үшін жұмыс беруші тартатын көшіп келуші;

9) шетелдік жұмыс күші – маусымдық шетелдік жұмыскерлерді қоса алғанда, жұмыс берушілер еңбек қызметін жүзеге асыру үшін, оның ішінде корпоративішілік ауыстыру шеңберінде тартатын шетелдік жұмыскерлер;

10) шетелдік жұмыс күшін тартуға арналған квота – Қазақстан Республикасының аумағында еңбек қызметін жүзеге асыру үшін жұмыс берушінің тартуына рұқсат етілген шетелдік жұмыс күшінің шекті саны;

11) шетелдік жұмыс күшін тартуға рұқсат (бұдан әрі – рұқсат) – Қазақстан Республикасына шетелдік жұмыс күшін тарту үшін жұмыс берушіге жергілікті атқарушы орган беретін осы Қағидаларға 1-қосымшаға сәйкес белгіленген нысандағы құжат.

Ескерту. 2-тармаққа өзгеріс енгізілді – ҚР Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 30.09.2020 № 386 (01.01.2021 бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

## 2-тарау. Жұмыс берушілерге шетелдік жұмыс күшін тартуға рұқсат беру және (немесе) ұзарту, сондай-ақ корпоративішілік ауыстыруды жүзеге асыру тәртібі мен шарттары

### 1-параграф. Жұмыс берушілерге шетелдік жұмыс күшін тартуға рұқсат беру және (немесе) ұзарту тәртібі мен шарттары

3. "Жұмыс берушілерге шетелдік жұмыс күшін тартуға рұқсат беру және (немесе) ұзарту" мемлекеттік қызметін алу үшін жұмыс беруші немесе оның уәкілетті өкілі www.egov.kz, www.elicense "электрондық үкімет" веб-порталы (бұдан әрі - ЭҮП) арқылы шетелдік жұмыс күшінің еңбек қызметін жүзеге асыру жері бойынша жергілікті атқарушы органға осы Қағидаларға 3-қосымшаға сәйкес мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартының мемлекеттік қызметін көрсету үшін қажетті құжаттар тізбесіне сәйкес "Жұмыс берушілерге шетелдік жұмыс күшін тартуға рұқсат беру және (немесе) ұзарту" мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартында (бұдан әрі – Стандарт) көрсетілген құжаттарды қоса бере отырып, осы Қағидаларға 2-қосымшаға сәйкес өтінішті ұсынады.

4. Мемлекеттік қызмет көрсету процесінің сипаттамасын, нысанын, мазмұны мен нәтижесін, сондай-ақ мемлекеттік қызмет көрсету ерекшеліктерін ескере отырып, өзге де мәліметтерді қамтитын мемлекеттік қызмет көрсетуге қойылатын негізгі талаптардың тізбесі осы Қағидаларға 3-қосымшаға сәйкес мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартында келтірілген.

5. Рұқсат беру және (немесе) ұзарту тәртібі мен шарттарын айқындау мақсатында жұмыскерлердің мынадай санаттары белгіленеді:

1) бірінші санат – бірінші басшылар мен олардың орынбасарлары;

2) екінші санат – кәсіптік стандарттарда, басшылар, мамандар және басқа да қызметшілер лауазымдарының біліктілік анықтамалығында, ұйымдар басшылары, мамандары және басқа да қызметшілері лауазымдарының үлгілік біліктілік сипаттамаларында белгіленген біліктілік талаптарына сәйкес келетін құрылымдық бөлімшелер басшылары;

3) үшінші санат – кәсіптік стандарттарда, басшылар, мамандар және басқа да қызметшілер лауазымдарының біліктілік анықтамалығында, ұйымдар басшылары, мамандары және басқа да қызметшілері лауазымдарының үлгілік біліктілік сипаттамаларында белгіленген біліктілік талаптарына сәйкес келетін мамандар;

4) төртінші санат – кәсіптік стандарттарда, Жұмыстар мен жұмысшы кәсіптерінің бірыңғай тарифтік-біліктілік анықтамалығында, жұмысшы кәсіптерінің тарифтік-біліктілік сипаттамаларында белгіленген біліктілік талаптарына сәйкес келетін білікті жұмысшылар.

6. Жергілікті атқарушы орган құжаттар келіп түскен күні оларды қабылдау мен тіркеуді жүзеге асырады.

Жұмыс беруші еңбек заңнамасына сәйкес жұмыс уақыты аяқталғаннан кейін, демалыс және мереке күндері жүгінген кезде өтініштерді қабылдау және мемлекеттік қызмет көрсету нәтижелерін беру келесі жұмыс күні жүзеге асырылады.

Жұмыс беруші құжаттарды берген кезде жұмыс берушінің "жеке кабинетінде " мемлекеттік көрсетілетін қызметтің нәтижесін алу күнін көрсете отырып, мемлекеттік қызметті көрсету үшін сұрау салудың қабылданғаны туралы мәртебе көрсетіледі.

7. Жергілікті атқарушы органның өтінішті қабылдаған жұмыскері құжаттарды тіркеген сәттен бастап үш жұмыс күні ішінде жұмыс берушіден қабылданатын құжаттар топтамасының толықтығы мен дұрыстығын тексереді.

Жеке басын куәландыратын құжаттар, заңды тұлғаны мемлекеттік тіркеу ( қайта тіркеу) туралы мәліметтерді жұмыс беруші тиісті мемлекеттік ақпараттық жүйелерден "электрондық үкімет" шлюзі арқылы алады.

Құжаттар толық көлемде ұсынылмаған және (немесе) белгіленген нысан бойынша толтырылмаған, сондай-ақ мемлекеттік көрсетілетін қызметтер стандартында көзделген қолданылу мерзімі өткен құжаттар ұсынылған жағдайда, жергілікті атқарушы орган белгіленген мерзімде өтінішті одан әрі қараудан негізді бас тартуды ресімдейді. (ұсынылмаған және (немесе) Қағидаларға сәйкес нысан бойынша толтырылмаған және өзге де сәйкессіздіктері бар құжаттардың толық тізбесін көрсете отырып).

Жергілікті атқарушы орган басшысының электрондық цифрлық қолтаңбасымен (бұдан әрі - ЭЦҚ) қол қойылған өтінішті одан әрі қараудан негізді бас тарту өтініш берушіге ЭҮП "жеке кабинетіне" электрондық құжат нысанында жіберіледі.

Құжаттар толық болған жағдайда олар шетелдік жұмыс күшін тартуға рұқсаттар беру жөніндегі комиссияның (бұдан әрі – Комиссия) қарауына беріледі .

8. Жергілікті атқарушы орган рұқсат беру не рұқсат беруден бас тарту туралы шешімді жұмыс берушінің құжаттарын қабылдаған күннен бастап жеті жұмыс күні ішінде қабылдайды.

Жергілікті атқарушы орган шешімді жергілікті атқарушы орган құратын комиссия ұсынымдарының негізінде қабылдайды.

Комиссияның әрбір отырысы барысында жұмыс берушілердің өтініштерін қараудың бейнежазбасы жүргізіледі.

9. Комиссияның құрамына ішкі істер органдарының, білім беру саласындағы органның және еңбек инспекциясы жөніндегі жергілікті органның өкілдері кіреді .

10. Жұмыс беруші не оның өкілі өз ұйғарымы бойынша Комиссияның отырысына қатыса алады. Жергілікті атқарушы орган отырыс өткізілетін күнге дейін кемінде үш жұмыс күні қалғанда өзінің интернет-ресурсында Комиссия отырысының өткізілетін күні, уақыты және орны туралы ақпаратты орналастырады.

11. Рұқсатты беру туралы шешім қабылдаған жағдайда жергілікті атқарушы орган шешім қабылданған күннен бастап бір жұмыс күні ішінде жұмыс берушінің "жеке кабинетіне" осы Қағидаларға 4-қосымшаға сәйкес жергілікті атқарушы орган басшысының ЭЦҚ-сы арқылы қол қойылған электрондық құжат нысанындағы хабарламаны жібереді.

12. Төртінші санат бойынша рұқсат беру кезінде жұмыс беруші алты айдан бір жылға дейін шетелдік жұмыскерлерді бірдей лауазымдар бойынша қазақстандық азаматтармен алмастыруды жүзеге асырады.

Рұқсат беру және ресімдеу кезінде міндеттемелерді жұмыс берушімен келісу осы Қағидаларға 5-қосымшаға сәйкес жүзеге асырылады.

12-1. Маусымдық шетелдік жұмыскерлерді тартуға рұқсаттарды беру " Халықты жұмыспен қамту туралы" 2016 жылғы 6 сәуірдегі Қазақстан Республикасы Заңының 7-бабының 21-1) тармақшасына сәйкес жүзеге асырылады.

Ескерту. Қағидалары мен шарттары 12-1-тармақпен толықтырылды – ҚР Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 30.09.2020 № 386 ( 01.01.2021 бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

13. Рұқсат беруден бас тарту туралы шешім қабылданған жағдайда жергілікті атқарушы орган шешім қабылданған күннен бастап бір жұмыс күні ішінде осы Қағидалардың 24-тармағына сәйкес негіздемелерін көрсете отырып, жұмыс берушінің "жеке кабинетіне" осы Қағидаларға 4-қосымшаға сәйкес жергілікті атқарушы орган басшысының ЭЦҚ-сы арқылы қол қойылған электрондық құжат нысанындағы хабарламаны жібереді.

14. Жергілікті атқарушы орган рұқсаттарды халықты жұмыспен қамту мәселелері жөніндегі уәкілетті орган бөлген квота шегінде береді.

15. Тиісті әкімшілік-аумақтық бірліктің аумағында қолданыстағы, бұрын берілген рұқсаттардың саны халықты жұмыспен қамту мәселелері жөніндегі уәкілетті орган шетелдік жұмыс күшін тартуға бөлген квотаның тиісті күнтізбелік жылға арналған санынан аспауға тиіс.

16. Жергілікті атқарушы орган мынадай:

1) Қазақстан Республикасы азаматтар санының бірінші және екінші санаттарға жататын жұмыскерлердің тізімдік санының кемінде 70%-ын;

2) Қазақстан Республикасы азаматтар санының үшінші және төртінші санаттарға жататын жұмыскерлердің тізімдік санының кемінде 90%-ын құрауы шарттарын сақтаған кезде рұқсат беруді және (немесе) ұзартуды жүзеге асырады.

Қадрлардағы жергілікті қамтуды есептеу кезінде шетелдік жұмыскерлер қатарында 2014 жылғы 14 қазандағы Қазақстан Республикасының Заңымен ратификацияланған Еуразиялық экономикалық одақ туралы шартқа қатысушы мемлекеттердің азаматтары есептелмейді.

Жұмыс беруші кадрлардағы жергілікті қамту туралы ақпаратты жергілікті атқарушы органға осы Қағидаларға 6-қосымшаға сәйкес нысан бойынша ұсынады.

17. Осы Қағидалардың 16-тармағы:

1) шағын кәсіпкерлік субъектілеріне;

2) мемлекеттік мекемелер мен кәсіпорындарға;

3) "Халықты жұмыспен қамту туралы" 2016 жылғы 6 сәуірдегі Қазақстан Республикасы Заңының 7-бабының 21) тармақшасына сәйкес өз бетінше жұмысқа орналасу үшін Қазақстан Республикасына келген шетелдік жұмыскерге ;

4) Қазақстан Республикасы ратификациялаған еңбек көші-қоны және еңбекші мигранттарды әлеуметтік қорғау саласындағы ынтымақтастық туралы халықаралық шарттар болған кезде шығу елдері бойынша квота шеңберінде берілген рұқсаттарға;

5) шетелдік заңды тұлғалардың жұмыскерлерінің саны 30 адамнан аспайтын өкілдіктері мен филиалдарына қолданылмайды.

18. Басымды жобалар үшін кадрлардағы жергілікті қамту жөніндегі шарттарды аумағында жобалар іске асырылып жатқан жергілікті атқарушы органмен және халықты жұмыспен қамту мәселелері жөніндегі уәкілетті органмен келісу бойынша осы Қағидаларға 7-қосымшаға сәйкес белгіленген нысан бойынша мүдделі орталық мемлекеттік органдар айқындайды.

19. Рұқсатты бергені және (немесе) ұзартқаны үшін жұмыс берушілерден " Қазақстан Республикасына шетелдік жұмыс күшін тартуға рұқсатты бергені және (немесе) ұзартқаны үшін алым мөлшерлемелерін белгілеу туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2018 жылғы 3 сәуірдегі № 157 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасына шетелдік жұмыс күшін тартуға рұқсатты бергені және (немесе) ұзартқаны үшін алым мөлшерлемелеріне сәйкес салық алымы (бұдан әрі – алым) алынады.

20. Жұмыс беруші хабарламаны алған күннен бастап он жұмыс күні ішінде жергілікті атқарушы органға рұқсатты бергені үшін алымды енгізгенін растайтын құжаттарды ұсынады.

Жұмыс беруші хабарламаны алған күннен бастап он жұмыс күні ішінде жергілікті атқарушы органға алымды енгізгенін растайтын құжаттарды бермеген кезде жергілікті атқарушы органның рұқсат беру туралы шешімі, сондай-ақ рұқсаттың қолданысы осы Қағидалардың 37-тармағының 5) тармақшасына сәйкес тоқтатылады.

Бас тарту туралы хабарлама осы Қағидаларға 4-қосымшаға сәйкес жергілікті атқарушы орган басшысының ЭЦҚ-сы арқылы қол қойылған электрондық құжат нысанында жұмыс берушінің "жеке кабинетіне" жіберіледі.

21. Жергілікті атқарушы орган рұқсат беру үшін алымның енгізілгенін растайтын құжаттарды алған күннен бастап бір жұмыс күні ішінде жергілікті атқарушы орган басшысының ЭЦҚ-сы арқылы қол қойылған электрондық құжат нысанындағы рұқсатты қалыптастырады және жұмыс берушінің "жеке кабинетіне" жібереді.

22. Шетелдік жұмыс күшін тартуға рұқсат:

1) бірінші санат үшін – жұмыс берушінің өтініші негізінде рұқсат мерзімін бір, екі немесе үш жылға ұзарту құқығымен бір, екі немесе үш жылға;

2) екінші және үшінші санаттар үшін – он екі ай мерзімге, бірақ үш реттен артық емес ұзартумен он екі айға;

3) төртінші санат үшін – ұзарту құқығынсыз он екі айға;

4) маусымдық шетелдік жұмыскерлер үшін – ұзарту құқығынсыз күнтізбелік тоқсан, жүз сексен, екі жүз жетпіс, үш жүз алпыс бес күнге дейінгі мерзімге беріледі.

Ескерту. 22-тармақ жаңа редакция – ҚР Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 30.09.2020 № 386 (01.01.2021 бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

23. Осы Қағидалардың шетелдік жұмыскерлерге қолданылатын ережесі сондай-ақ Қазақстан Республикасында жұмыс істеу үшін корпоративішілік ауыстыру шеңберінде немесе осы Қағидалардың 35-тармағына сәйкес тартылатын шетілдіктер мен азаматтығы жоқ адамдарға қолданылады.

24. Мынадай:

1) бөлінген квотаның мөлшерінен асып кеткен;

2) жұмыс беруші осы Қағидалардың 16-тармағында белгіленген шарттарды сақтамаған;

3) төртінші санат бойынша шетелдік жұмыс күшін алмастыру жөніндегі міндеттемелерді орындамаған;

4) жұмыс берушінің шетелдік жұмыскерлерді рұқсатсыз тарту, сондай-ақ шетелдік жұмыскердің рұқсатта көрсетілген кәсіпке немесе мамандыққа сәйкес келмейтін кәсіпке немесе мамандыққа тартылуы фактісі анықталған жағдайларда шетелдік жұмыс күшін тартуға рұқсат берілмейді. Мұндай жағдайда осындай факт анықталған күннен бастап он екі ай бойы жаңа рұқсаттар берілмейді;

5) шетелдік жұмыс күшінің білім деңгейі (кәсіби даярлығы) және практикалық жұмыс тәжірибесі (еңбек өтілі) кәсіптік стандарттарға, Жұмыстар мен жұмысшы кәсіптерінің бірыңғай тарифтік-біліктілік анықтамалығына және Басшылар, мамандар және басқа да қызметшілер лауазымдарының біліктілік анықтамалығына, ұйымдар басшылары, мамандары және басқа да қызметшілері лауазымдарының үлгілік біліктілік сипаттамаларына сәйкес жұмысшы кәсіптеріне және басшылар, мамандар және қызметшілер лауазымдарына

қойылатын біліктілік талаптарына сәйкес келмеген жағдайда шетелдік жұмыс күшін тартуға рұқсат берілмейді және ұзартылмайды.

25. Рұқсат берілген шетелдік жұмыскер жұмыс орнына келмеген немесе онымен еңбек шарты бұзылған, шетелдік жұмыс күшін тартуға рұқсаттың қолданылу мерзімі аяқталғанға дейін ауыстыру туралы хаттың немесе келісімнің қолданылу мерзімі уақытынан бұрын тоқтатылған кезде 2015 жылғы 23 қарашадағы Қазақстан Республикасы Еңбек кодексінің 16-бабының 16-1) тармақшасында көзделген тәртіппен осы кәсіп үшін белгіленген біліктілік талаптарына сәйкес келген жағдайда бұрын берілген рұқсатты бастапқыда берілген рұқсаттың қолданылу мерзімі аяқталғанға дейін қалған мерзімге осы Қағидаларда белгіленген тәртіппен жаңа нөмір бере отырып, басқа шетелдік жұмыскерге қайта ресімдеуге жол беріледі.

Бұл ретте жұмыс беруші жергілікті атқарушы органға рұқсат қайта ресімделетін шетелдік жұмыскерге осы Қағидаларда көзделген құжаттарды жібереді. Осы Қағидалардың 37-тармағы 6) тармақшасына сәйкес бастапқыда берілген рұқсаттың қолданысы тоқтататылуға тиіс.

26. Жергілікті атқарушы орган бұрын берген рұқсатты басқа шетелдік жұмыскерге қайта ресімдеу туралы шешімді құжаттарды қабылдаған күннен бастап бес жұмыс күні ішінде, Комиссия отырысында қарамай қабылдайды.

Жергілікті атқарушы органның рұқсатты қайта ресімдеу бойынша қабылдаған шешімі туралы хабарлама жергілікті атқарушы орган басшысының ЭЦҚ-сы арқылы қол қойылған электрондық құжат нысанында жұмыс берушінің "жеке кабинетіне" жіберіледі.

27. Рұқсаттың қолданылу мерзімі аяқталғанға дейін күнтізбелік алпыс күннен ерте емес және күнтізбелік отыз күннен кешіктірмей рұқсаттың қолданылу мерзімін ұзартуға жол беріледі.

28. Жергілікті атқарушы орган берілген құжаттардың негізінде құжаттарды қабылдаған күннен бастап үш жұмыс күні ішінде шетелдік жұмыс күшін тартуға рұқсатты ұзарту не ұзартудан бас тарту туралы шешім қабылдайды.

Жергілікті атқарушы орган рұқсаттың қолданылу мерзімін ұзарту туралы оң шешім қабылдаған жағдайда рұқсат он екі айға ұзартылады, бұл ретте рұқсаттың қолданылу мерзімі бұрын берілген рұқсаттың қолданылу мерзімі аяқталған күні басталады.

Рұқсатты ұзарту туралы шешім қабылдауды жергілікті атқарушы орган Комиссия отырысында қарамай жүзеге асырады.

28-1. Мынадай:

1) бөлінген квотаның мөлшерінен асып кеткен;

2) жұмыс беруші осы Қағидалардың 16-тармағында белгіленген шарттарды сақтамаған;

3) төртінші санат бойынша шетелдік жұмыс күшін алмастыру жөніндегі міндеттемелерді орындамаған;

4) жұмыс берушінің шетелдік жұмыскерлерді рұқсатсыз тарту, сондай-ақ шетелдік жұмыскердің рұқсатта көрсетілген кәсіпке немесе мамандыққа сәйкес келмейтін кәсіпке немесе мамандыққа тартылуы фактісі анықталған жағдайларда шетелдік жұмыс күшін тартуға рұқсат берілмейді. Мұндай жағдайда осындай факт анықталған күннен бастап он екі ай бойы рұқсаттардың мерзімдері ұзартылмайды.

Ескерту. Қағидалары мен шарттары 28-1-тармақпен толықтырылды – ҚР Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 30.09.2020 № 386 ( 01.01.2021 бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

29. Жергілікті атқарушы орган шетелдік жұмыс күшін тартуға рұқсаттың мерзімін ұзарту не ұзартудан бас тарту туралы шешім қабылдаған күннен кейін бір жұмыс күні ішінде электрондық құжат нысанында жұмыс берушінің "жеке кабинетіне" рұқсаттың мерзімін ұзарту не ұзартудан бас тарту туралы хабарлама жібереді.

30. Жұмыс беруші рұқсатты ұзарту туралы хабарламаны алғаннан кейін он жұмыс күні ішінде жергілікті атқарушы органға рұқсатты ұзартқаны үшін алымды енгізгенін растайтын құжаттарды ұсынады.

31. Жұмыс беруші хабарламаны алған күннен бастап он жұмыс күні ішінде жергілікті атқарушы органға алымды енгізгенін растайтын құжаттарды ұсынбаған жағдайда жергілікті атқарушы орган шетелдік жұмыс күшін тартуға рұқсаттың қолданысын тоқтату туралы шешім қабылдайды.

32. Жергілікті атқарушы орган рұқсатты ұзарту үшін алым енгізілгенін растайтын құжаттарды алған күннен бастап бір жұмыс күні ішінде жергілікті атқарушы орган басшысының ЭЦҚ-сы арқылы қол қойылған электрондық құжат нысанындағы рұқсатты қалыптастырады және жұмыс берушінің "жеке кабинетіне" жібереді.

33. Жергілікті атқарушы орган мемлекеттік қызмет көрсету сатысы туралы деректерді ақпараттандыру саласындағы уәкілетті орган белгілеген тәртіппен мемлекеттік қызметтер көрсету мониторингінің ақпараттық жүйесіне енгізуді қамтамасыз етеді.

Рұқсаттар мен хабарламалардың мемлекеттік ақпараттық жүйесі арқылы мемлекеттік қызметті көрсету кезінде мемлекеттік қызметті көрсету сатысы туралы деректер мемлекеттік қызметтерді көрсету мониторингінің ақпараттық жүйесіне автоматты режимде түседі.

34. Жергілікті атқарушы орган берген рұқсатты басқа жұмыс берушілерге беруге болмайды, ол тиісті әкімшілік-аумақтық бірліктің аумағында ғана қолданылады.

Бұл ретте жұмыс берушінің рұқсат алынған шетелдік жұмыскерлерді өзге әкімшілік-аумақтық бірліктердің аумағындағы кәсіпорындарға, ұйымдарға күнтізбелік бір жыл ішінде жиынтығы күнтізбелік тоқсан күннен аспайтын мерзімге іссапарға жіберуіне жол беріледі.

35. Қызметін Қазақстан Республикасында филиал, өкілдік құрмай жүзеге асыратын шетелдік заңды тұлға – жұмыс беруші өз жұмыскерлерін жұмыстарды орындауға, қызметтерді көрсетуге арналған келісімшарт бойынша Қазақстан Республикасына жіберген жағдайда не шетелдік заңды тұлға – жұмыс беруші өз жұмыскерлерін Қазақстан Республикасына жұмыстарды орындау, қызметтерді көрсету үшін онда мұндай шетелдік заңды тұлға – жұмыс берушінің тікелей немесе жанама қатысу акциясы немесе үлесі бар шетелдік заңды тұлғаның еншілес ұйымына, өкілдігіне, филиалына жіберген жағдайда, қабылдаушы тараптың уәкілетті адамы ЭҮП арқылы шетелдік жұмыс күшінің еңбек қызметін жүзеге асыру орны бойынша жергілікті атқарушы органға осы Қағидаларға 3-қосымшаға сәйкес мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартының мемлекеттік қызметін көрсету үшін қажетті құжаттар тізбесінде көрсетілген құжаттарды қоса бере отырып, осы Қағидаларға 2-қосымшаға сәйкес өтінішті ұсынады.

Рұқсат беру осы Қағидалардың 8, 11, 13, 20, 21 және 24-тармақтарында белгіленген тәртіппен айқындалады.

Қағидалардың осы тармағына сәйкес жұмыстарды орындау, қызметтерді көрсету кезеңіндегі еңбек қатынастары шетелдік жұмыскер мен шетелдік жұмыскерді уақытша ауыстыру жүзеге асырылатын заңды тұлға-жұмыс берушінің арасында жасалған құжатпен (ауыстыру туралы хатпен немесе келісіммен) реттеледі.

36. Шетелдік жұмыскерді рұқсатта көрсетілген кәсіпке немесе мамандыққа сәйкес келмейтін кәсіп немесе мамандық бойынша тартқан кезде, сондай-ақ жұмыс беруші осы Қағидалардың 16-тармағында белгіленген шарттарды сақтамаған кезде жергілікті атқарушы орган шетелдік жұмыс күшін тартуға арналған қолданыстағы рұқсатты кері қайтарып алады.

Бұл ретте жергілікті атқарушы орган саны осы Қағидалардың 16-тармағында белгіленген пайыздық қатынастан асатын соңғы берілген рұқсаттарды кері қайтарып алады.

37. Шетелдік жұмыс күшін тартуға рұқсаттың қолданысы мынадай:

1) ол берілген мерзім аяқталған;

2) рұқсат кері қайтарып алынған;

3) жеке тұлға – жұмыс берушінің қызметі тоқтатылған, заңды тұлға – жұмыс беруші таратылған;

4) жұмыс беруші рұқсатты жергілікті атқарушы органға өз еркімен қайтарған;

5) рұқсатты бергені және ұзартқаны үшін алымды төлегенін растайтын құжаттардың көшірмелерін енгізбеген;

6) рұқсатты басқа шетелдік жұмыскерге қайта ресімдеген жағдайларда тоқтатылады.

Жергілікті атқарушы орган осы тармақтың 2), 3), 4) және 6) тармақшаларында көзделген рұқсаттың қолданысын тоқтату туралы шешім қабылдаған күннен бастап үш жұмыс күні ішінде Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің (бұдан әрі – ҚР ІІМ) облыстық, Нұр-Сұлтан, Алматы және Шымкент қалалардағы аумақтық органына рұқсат қолданысының тоқтатылғаны туралы ақпарат жолдайды.

38. Осы Қағидалардың жұмыс берушілерге қолданылатын ережесі сондай-ақ Қазақстан Республикасының аумағында тіркелген, корпоративішілік ауыстыру шеңберінде немесе осы Қағидалардың 35-тармағына сәйкес шетелдік жұмыс күшін тартатын заңды тұлғаларға, шетелдік заңды тұлғаның филиалдарына, өкілдіктеріне қолданылады.

**2-параграф. Корпоративішілік ауыстыру шеңберінде жүзеге асырылатын шетелдік жұмыс күшін тартуға рұқсат беру және (немесе) ұзарту шарттары мен тәртібі**

39. Корпоративішілік ауыстыру кезеңінде шетелдік жұмыскерге қабылдаушы тараптың жұмыс уақыты мен тынығу уақытының режимі, сондай-ақ еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғауды сақтау бойынша талаптары қолданылады, бұл ретте еңбек қатынастары шетелдік жұмыскер мен одан корпоративішілік ауыстыру жүзеге асырылатын заңды тұлғаның арасында келісілген еңбек шартымен (немесе еңбек қатынастарын растайтын өзге құжатпен) реттеледі.

40. Корпоративішілік ауыстыру шеңберінде шетелдік жұмыс күшін тартуға рұқсат беру және (немесе) ұзарту тегін негізде жүзеге асырылады.

41. Корпоративішілік ауыстыру шеңберінде шетелдік жұмыскерлерді тарту шарттарын айқындау мақсатында жұмыскерлердің мынадай санаттары белгіленеді:

1) басшылар;

2) менеджерлер;

3) мамандар.

42. Корпоративішілік ауыстыру шеңберіндегі рұқсат басшыда, менеджерде және маманда Дүниежүзілік сауда ұйымына мүше елдің аумағында құрылған, Қазақстан Республикасының аумағынан тыс жерде орналасқан және әрекет ететін заңды тұлғада кемінде бір жыл жұмыс тәжірибесі болған және шетелдік жұмыскерлер Қазақстан Республикасында қолданылатын Басшылар, мамандар және басқа да қызметшілер лауазымдарының біліктілік анықтамалығына, басшылар, мамандар және басқа да қызметшілер лауазымдарының үлгілік

біліктілік сипаттамаларына, сондай-ақ 01-99 "Кәсіптер сыныптауышы" Қазақстан Республикасының мемлекеттік сыныптауышына сәйкес біліктілік талаптарына сәйкес келген, жұмыскерді корпоративішілік ауыстыру жүзеге асырылатын заңды тұлғаның оның біліктілігі мен кәсіби тәжірибесі туралы хатымен, сондай-ақ қабылдаушы тараптың жұмыскердің қажетті біліктілігі мен кәсіби жұмыс тәжірибесі бар екені туралы хатымен расталған жағдайда беріледі.

Корпоративішілік ауыстыру шеңберінде ауыстырылатын басшылар мен менеджерлердің лауазымдары Басшылар, мамандар және басқа да қызметшілер лауазымдарының біліктілік анықтамалығына, басшылар, мамандар және басқа да қызметшілер лауазымдарының үлгілік біліктілік сипаттамаларына, сондай-ақ 01-99 "Кәсіптер сыныптауышы" Қазақстан Республикасының мемлекеттік сыныптауышына сәйкес басшылар лауазымдары үшін белгіленген біліктілік талаптарына сәйкес келуге тиіс.

Корпоративішілік ауыстыру шеңберінде ауыстырылатын мамандардың лауазымдары Басшылар, мамандар және басқа да қызметшілер лауазымдарының біліктілік анықтамалығына, басшылар, мамандар және басқа да қызметшілер лауазымдарының үлгілік біліктілік сипаттамаларына, сондай-ақ 01-99 "Кәсіптер сыныптауышы" Қазақстан Республикасының мемлекеттік сыныптауышына сәйкес мамандар лауазымдары үшін белгіленген біліктілік талаптарына сәйкес келуге тиіс.

43. Жұмыс беруші ішкі еңбек нарығында тиісті кандидатуралар іздеуді " Халықты жұмыспен қамту туралы" 2016 жылғы 6 сәуірдегі Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес шетелдік жұмыс күшінің еңбек қызметін жүзеге асыру жері бойынша жұмыспен қамту орталығына бос жұмыс орындары ( бос лауазымдар) туралы мәліметтер жіберу жолымен жүзеге асырады.

Жергілікті атқарушы орган жұмыс берушінің шетелдік жұмыс күшін тартуға рұқсат беру туралы өтінішін қабылдауды бос жұмыс орындары (бос лауазымдар) туралы мәліметтер берілген күннен бастап күнтізбелік он бес күннен ерте емес және күнтізбелік алпыс күннен асырмай жүзеге асырады.

44. Корпоративішілік ауыстыру шеңберінде шетелдік жұмыскерлерді тартуға рұқсат алу үшін жұмыс беруші не ол уәкілеттік берген адам ЭҮП арқылы шетелдік жұмыс күшінің еңбек қызметін жүзеге асыру жері бойынша жергілікті атқарушы органға осы Қағидаларға 3-қосымшаға сәйкес мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартының мемлекеттік қызметін көрсету үшін қажетті құжаттар тізбесінде көрсетілген құжаттарды қоса бере отырып осы Қағидаларға 2 -қосымшаға сәйкес өтінішті ұсынады.

45. Жергілікті атқарушы орган құжаттар келіп түскен күні оларды қабылдау мен тіркеуді жүзеге асырады.

Жұмыс беруші еңбек заңнамасына сәйкес жұмыс уақыты аяқталғаннан кейін, демалыс және мереке күндері жүгінген кезде өтініштерді қабылдау және мемлекеттік қызмет көрсету нәтижелерін беру келесі жұмыс күні жүзеге асырылады.

Жұмыс беруші құжаттарды берген кезде жұмыс берушінің "жеке кабинетінде " мемлекеттік көрсетілетін қызметтің нәтижесін алу күнін көрсете отырып, мемлекеттік қызметті көрсету үшін сұрау салудың қабылданғаны туралы мәртебе көрсетіледі.

46. Өтінішті қабылдаған жергілікті атқарушы органның жұмыскері құжаттар тіркелген сәттен бастап үш жұмыс күні ішінде жұмыс берушіден қабылданатын құжаттар топтамасының толықтығы мен дұрыстығын тексереді және құжаттар толық көлемде ұсынылмаған және (немесе) осы Қағидалардың 44-тармағында көзделген белгіленген нысан бойынша толтырылмаған, сондай-ақ ұсынылған құжаттардың және (немесе) деректердің (мәліметтердің) дәйексіздігі анықталған жағдайларда осы Қағидалардың 7-тармағына сәйкес өтінішті одан әрі қараудан бас тартады.

47. Жергілікті атқарушы орган корпоративішілік ауыстыру шеңберінде шетелдік жұмыскерлерді тартуға рұқсат беру не рұқсат беруден бас тарту туралы шешімді жұмыс берушінің құжаттарын қабылдаған күннен бастап жеті жұмыс күні ішінде қабылдайды.

Жергілікті атқарушы орган осы Қағидалардың 8-тармағына сәйкес Комиссия ұсынымдарының негізінде шешім қабылдайды.

48. Жергілікті атқарушы орган корпоративішілік ауыстыру шеңберінде рұқсатты беру не беруден бас тарту туралы шешім қабылдаған күннен кейін бір жұмыс күні ішінде ол туралы жұмыс берушіге хабарлайды.

49. Корпоративішілік ауыстыру шеңберінде шетелдік жұмыскерлерді тартуға рұқсатты беру туралы шешім қабылдаған жағдайда жергілікті атқарушы орган жұмыс берушінің "жеке кабинетіне" осы Қағидаларға 4-қосымшаға жергілікті атқарушы орган басшысының ЭЦҚ-сы арқылы қол қойылған электрондық құжат нысанындағы хабарламаны жібереді.

50. Корпоративішілік ауыстыру шеңберінде шетелдік жұмыскерлерді тартуға рұқсат беруден бас тарту туралы шешім қабылдаған жағдайда жергілікті атқарушы орган осы Қағидалардың 59-тармағына сәйкес негіздемелерін көрсете отырып, жұмыс берушінің "жеке кабинетіне" осы Қағидаларға 4-қосымшаға сәйкес жергілікті атқарушы орган басшысының ЭЦҚ-сы арқылы қол қойылған электрондық құжат нысанындағы хабарламаны жібереді.

51. Рұқсатты беру кезінде жұмыс берушіге оның келісімен мынадай ерекше шарттардың бірі жүктеледі:

1) Қазақстан Республикасының азаматтарын тартылатын шетелдік жұмыскердің мамандығы бойынша кәсіптік даярлау;

2) Қазақстан Республикасының азаматтарын тартылатын шетелдік жұмыскердің мамандығы бойынша қайта даярлау;

3) Қазақстан Республикасы азаматтарының біліктілігін арттыру;

4) Қазақстан Республикасының азаматтары үшін шетелдік жұмыскерлер тартылатын мамандықтар бойынша қосымша жұмыс орындарын құру.

52. Жұмыс берушіде кадрлардағы жергілікті қамтуды ұлғайту жөніндегі бағдарлама болған кезде ерекше шарттарды қабылдау талап етілмейді.

53. Корпоративішілік ауыстыру кезінде:

менеджерді – жұмыс беруші осы Қағидалардың 51-тармағында көзделген шарттардың бірін таңдайды;

маманды – жұмыс беруші осы Қағидалардың 51-тармағының 1), 3) және 4) тармақшаларында көзделген шарттардың бірін таңдайды.

54. Жергілікті атқарушы орган жұмыс берушіге шетелдік жұмыс күшін тартуға берілген рұқсаттардың санына сәйкес ерекше шарттар санын жүктейді.

55. Рұқсатты алу үшін қабылданатын ерекше шарттар туралы ақпарат Қағидаларға 8-қосымшаға сәйкес нысан бойынша ұсынылады.

56. Шетелдік жұмыс күшін тартуға рұқсаттардың:

осы Қағидалардың 51-тармағының 3) және 4) тармақшаларында көзделген ерекше шарттарын орындау рұқсаттың қолданылу мерзімі ішінде жүргізіледі;

осы Қағидалардың 51-тармағының 1) және 2) тармақшаларында көзделген ерекше шарттарын орындау рұқсаттың қолданылу мерзімінің алғашқы алты айы ішінде басталады.

57. Корпоративішілік ауыстыру шеңберінде шетелдік жұмыскерлерді тартатын жұмыс беруші корпоративішілік ауыстыру шеңберінде тартылатын шетелдік жұмыскерлер (менеджерлер және мамандар) санының тиісті санаттағы қазақстандық кадрлар санына елу пайыздан аспайтын пайыздық қатынасын қамтамасыз етеді.

Жұмыс беруші корпоративішілік ауыстыру шеңберінде шетелдік жұмыскерлерді тартқан кезде кадрлардағы жергілікті қамту туралы ақпаратты жергілікті атқарушы органға осы Қағидаларға 9-қосымшаға сәйкес нысан бойынша береді.

58. Шетелдік жұмыскерді басшы лауазымдарына тартқан кезде Қазақстан Республикасы азаматтарының санына қатынасты сақтау жөніндегі талаптар қолданылмайды.

59. Корпоративішілік ауыстыру шеңберінде шетелдік жұмыс күшін тартуға рұқсат мынадай:

1) жұмыс беруші осы Қағидалардың 57-тармағында белгіленген шарттарды сақтамаған;

2) жұмыс берушінің шетелдік жұмыскерлерді рұқсатсыз тарту, сондай-ақ шетелдік жұмыскерді рұқсатта көрсетілген кәсіпке немесе мамандыққа сәйкес келмейтін кәсіпке немесе мамандыққа тарту фактісі анықталған жағдайда берілмейді. Мұндай жағдайда осындай факт анықталған күннен бастап он екі ай бойы жаңа рұқсаттар берілмейді;

3) өткен және ағымдағы күнтізбелік жылдар үшін берілген рұқсаттардың орындалу мерзімі келген ерекше шарттарын (бар болса) орындамаған;

4) шетелдік жұмыс күшінің білім деңгейі (кәсіптік даярлығы) мен практикалық жұмыс тәжірибесі (өтілі) осы Қағидалардың 41 және 42-тармақтарында көзделген талаптарға сәйкес келмеген;

5) кадрлардағы жергілікті қамтуды ұлғайту жөніндегі бағдарламада көзделген шараларды (шарттарды) орындамаған жағдайларда берілмейді.

60. Шетелдік жұмыскер жұмыс орнына келмеген немесе онымен еңбек шарты бұзылған, шетелдік жұмыс күшін тартуға рұқсаттың қолданылу мерзімі аяқталғанға дейін ауыстыру туралы хаттың немесе келісімнің қолданылу мерзімі уақытынан бұрын тоқтатылған кезде осы кәсіп үшін белгіленген, осы Қағидаларға 3-қосымшаға сәйкес мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартының мемлекеттік қызметін көрсету үшін қажетті құжаттар тізбесінде көрсетілген құжаттармен расталған біліктілік талаптарына сәйкес келген жағдайда, бұрын берілген рұқсатты бастапқыда берілген рұқсаттың қолданылу мерзімі аяқталғанға дейін қалған мерзімге осы Қағидаларда белгіленген тәртіппен жаңа нөмір бере отырып, корпоративішілік ауыстыру шеңберінде шетелдік жұмыс күшін тартуға арналған рұқсатты басқа шетелдік жұмыскерге ресімдеуге жол беріледі.

Қайта ресімделген рұқсат бастапқыда берілген рұқсаттың қолданылу мерзімі аяқталғанға дейін қалған мерзімге беріледі.

61. Жергілікті атқарушы орган бұрын берілген корпоративішілік ауыстыру шеңберінде шетелдік жұмыс күшін тартуға арналған рұқсатты басқа шетелдік жұмыскерге қайта ресімдеу туралы шешімді құжаттарды қабылдаған күннен бастап бес жұмыс күні ішінде, Комиссия отырысында қарамай қабылдайды.

62. Корпоративішілік ауыстыру шеңберінде шетелдік жұмыс күшін тартуға арналған рұқсаттың қолданылу мерзімін ұзартуға рұқсаттың қолданылу мерзімі аяқталғанға дейін күнтізбелік алпыс күннен ерте емес және күнтізбелік отыз күннен кешіктірмей жол беріледі.

63. Жергілікті атқарушы орган рұқсатты ұзарту туралы шешімді Қағидаларға сәйкес құжаттарды қабылдаған күннен бастап бес жұмыс күні ішінде, Комиссия отырысында қарамай жүзеге асырады.

64. Жергілікті атқарушы орган корпоративішілік ауыстыру шеңберінде шетелдік жұмыс күшін тартуға арналған рұқсаттың мерзімін ұзарту не ұзартудан бас тарту туралы шешім қабылдаған күннен кейін бір жұмыс күні ішінде жұмыс берушінің "жеке кабинетіне" электрондық құжат нысанында рұқсаттың мерзімін ұзарту не ұзартудан бас тарту туралы хабарлама жібереді.

65. Жергілікті атқарушы орган осы Қағидалардың 33-тармағына сәйкес мемлекеттік қызметтер көрсету мониторингінің ақпараттық жүйесіне мемлекеттік қызмет көрсету сатысы туралы деректерді енгізуді қамтамасыз етеді.

66. Рұқсатты ұзарту кезінде жұмыс берушіге оның келісімімен осы Қағидалардың 51-тармағына сәйкес ерекше шарттардың бірі жүктеледі.

67. Рұқсатты ұзарту үшін қабылданатын ерекше шарттар туралы ақпарат Қағидаларға 8-қосымшаға сәйкес нысан бойынша ұсынылады.

68. Шетелдік жұмыс күшін тартуға арналған рұқсаттардың шарттарын орындау осы Қағидалардың 56-тармағына сәйкес көзделеді.

69. Корпоративішілік ауыстыру шеңберінде шетелдік жұмыскерлерді тартатын жұмыс беруші осы Қағидалардың 57-тармағына сәйкес пайыздық қатынасты қамтамасыз етеді.

70. Шетелдік жұмыскерді басшы лауазымдарына тартқан кезде Қазақстан Республикасы азаматтарының санына қатынасты сақтау жөніндегі талаптар қолданылмайды.

71. Корпоративішілік ауыстыру шеңберінде шетелдік жұмыс күшін тартуға рұқсат осы Қағидалардың 59-тармағының 1), 2), 3), 5) тармақшаларда көзделген жағдайларда ұзартылмайды.

Ескерту. 71-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 30.09.2020 № 386 (01.01.2021 бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

72. Жергілікті атқарушы орган мынадай:

1) шетелдік жұмыскерді рұқсатта көрсетілген кәсіпке немесе мамандыққа сәйкес келмейтін кәсіп немесе мамандық бойынша тартқан;

2) жұмыс беруші осы Қағидалардың 57-тармағында белгіленген шарттарды сақтамаған жағдайларда қолданыстағы корпоративішілік ауыстыру шеңберінде шетелдік жұмыс күшін тартуға рұқсатты кері қайтарып алуды жүргізеді. Бұл ретте жергілікті атқарушы орган саны осы Қағидалардың 57-тармағында белгіленген пайыздық қатынастан асатын соңғы берілген рұқсаттарды кері қайтарып алады.

Жергілікті атқарушы орган рұқсатты кері қайтарып алған күннен бастап үш жұмыс күні ішінде ҚР ІІМ облыстық, Нұр-Сұлтан, Алматы және Шымкент

қалаларындағы аумақтық органына осы Қағидаларға 10-қосымшаға сәйкес кері қайтарып алынған шетелдік жұмыс күшін тартуға рұқсаттар туралы ақпарат жолдайды.

73. Корпоративішілік ауыстыру шеңберінде шетелдік жұмыс күшін тартуға рұқсаттар еңбек шартында көрсетілген ауыстыру мерзіміне, бірақ бір реттен асырмай он екі айға ұзарту құқығымен үш жылдан аспайтын мерзімге беріледі.

Еңбек шарты болмаған кезде корпоративішілік ауыстыру мерзімі корпоративішілік ауыстыру туралы хатта немесе келісімде (шартта), бірақ бір реттен асырмай он екі айға ұзарту құқығымен үш жылдан аспайтын мерзім болып айқындалады.

74. Жергілікті атқарушы орган берген рұқсатты басқа жұмыс берушілерге беруге болмайды, жұмыс берушінің рұқсат алған шетелдік жұмыскерлерді өзге әкімшілік-аумақтық бірліктердің аумағында орналасқан кәсіпорындарға, ұйымдарға күнтізбелік бір жыл ішінде жиынтығы күнтізбелік тоқсан күннен аспайтын мерзімге іссапарға жіберуін қоспағанда, тиісті әкімшілік-аумақтық бірліктің аумағында ғана қолданылады.

75. Корпоративішілік ауыстыру шеңберінде шетелдік жұмыс күшін тартуға рұқсаттың қолданысы мынадай:

1) ол берілген мерзім аяқталған;

2) рұқсат кері қайтарып алынған;

3) жеке тұлға – жұмыс берушінің қызметі тоқтатылған, заңды тұлға – жұмыс беруші таратылған;

4) жұмыс беруші рұқсатты жергілікті атқарушы органға өз еркімен қайтарған жағдайларда тоқтатылады.

76. Жергілікті атқарушы орган:

1) корпоративішілік ауыстыру шеңберінде жұмыс істейтін жұмыскерлерді есепке алуды жүргізеді;

2) ай сайын, есепті кезеңнен кейінгі айдың 10-күніне дейінгі мерзімде халықты жұмыспен қамту жөніндегі уәкілетті органды, сондай-ақ еңбек инспекциясы жөніндегі жергілікті органды корпоративішілік ауыстыру шеңберінде жұмыс істейтін шетелдік жұмыскерлер туралы хабардар етеді.

